



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2017 жылғы 8 тамыз*

### **ҚР Ұлттық Банкінде БАҚ қатысуымен «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасы талқыланды**

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңның өзгерістері мен жаңа нормалары туралы бүгін Алматы қ. өткен дөңгелек үстел барысында журналистерге ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері әңгімеледі.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы негізгі тұжырымдамалық өзгерістерді ҚР Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры Айгүл Боранбаева таныстырды. Ол заң жобасын әзірлеудің мақсаттары және ол арқылы шешілетін міндеттер туралы айтты.

А. Боранбаева атап өткендей, заң жобасында ырықтандырылған валюталық режим қағидаттарын және валюталық реттеудің қолданыстағы ақпараттық құралдарын сақтау көзделеді, сондықтан оны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқпайды.

«Заң жобасын әзірлеудің мақсаттары серпінді дамып отырған нарықтар жағдайындағы валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуді жетілдіру болып табылады, оның ішінде шетелдік ұйымдар филиалдарының Қазақстан нарығына кіруінің кеңейтілуін ескере отырып және «Астана» халықаралық қаржы орталығының құрылуына байланысты, – деді ол. – Заң жобасын қабылдау капиталдың трансшекаралық қозғалысының статистикалық мониторингін жақсартуға, валюталық реттеу режимдерінің негізгі рәсімдерін оңтайландыруға, кәсіпкерлік қызметте және халықтың операцияларында және сол сияқты макроэкономикалық деңгейде іске асырылатын қолма-қол ақшасыз және қолма-қол конверсиялық операциялардың тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік жасайды».

А. Боранбаева хабарлағандай, қазіргі кезде заң жобасының мәтіні ғылыми сараптаманың, мемлекеттік органдардың, қоғамдық қауымдастықтардың (Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы) ескертулері мен ұсыныстары бойынша пысықталуда.

«Заң жобасының мәтіні ашық түрде Ұлттық Банктің сайтына 2017 жылғы 25 мамырда орналастырылған. Біз сондай-ақ заң жобасы бойынша сұрақтарға Ұлттық Банктің Facebook-тың «ҚР Ұлттық Банкі хабарлайды, түсіндіреді, түсініктеме береді» бетінде жауап беруге дайынбыз», – деп толықтырды ҚРҰБ өкілі.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)